Мемлекеттік грант беру туралы
2024 жылғы «30» сәуір №60
Шарттың № 7 қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша қорытынды есеп**

1. **Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:** «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі
2. **Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты:** Директор, Мағдатов Наурызбек Серікұлы
3. **Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:** ҚР, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Е.Өмірбаев көшесі №34 үй.
4. **Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:** Маңғыстау және Бейнеу ауданы жастарын әлеуметтендіру басым бағыты, «Талаптан» әлеуметтік жобасы
5. **Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні:** 30.04.2024-29.11.2024 ж.
6. **Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:** 10 320 148 (он миллион үш жүз жиырма мың бір жүз қырық сегіз)

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

**1 міндет. Маңғыстау мен Бейнеу ауданы жұмыссыз, әлеуметтік осал тобына жататын жастарға арналған заманауи мамандықтар бойынша әр елді мекенде кемінде 150 жастың қатысуымен 2 айды қамтитын кемінде 5 мамандық бойынша оқыту курсын ұйымдастыру**

**1-міндет. Маңғыстау мен Бейнеу ауданы жұмыссыз, әлеуметтік осал тобына жататын жастарға арналған заманауи мамандықтар бойынша әр елді мекенде кемінде 150 жастың қатысуымен 2 айды қамтитын кемінде 5 мамандық бойынша оқыту курсын ұйымдастыру**

**1-іс-шара.Облыстық жобалық кеңсенің қызметін құру, ұйымдастыру және жоба командасын жасақтау**

Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тапсырысы негізінде «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі «Талаптан» жобасын жүзеге асырды. Жоба Маңғыстау облысының аумағындағы 16 - 35 жас аралығындағы барлық жасты қамти отырып, сәуір - қараша аралығында жүзеге асырылды. Әлеуметтік жобаның мақсаты - Маңғыстау облысының аумағында уақытша жұмыссыз, әлеуметтік осал тобына жататын жастарға арналған заманауи мамандықтар бойынша оқыту курсын, қоғамдық-мәдени, спорттық және ағартушылық іс-шаралар ұйымдастыру арқылы жастарды әлеуметтендіру.

Ақтау қаласында орналасқан 6 шағын аудан 18 «Жастар орталығы» мекенжайы бойынша жобалық кеңсе құрылды. Жобалық кеңсе материалдық-техникалық базамен жабдықталды. Жобалық менеджмент, Қаржылық бақылау бойынша тәжірибесі бар 3 маманнан тұратын штат жасақталды. Жобалық кеңсе әлеуметтік жоба бойынша оқытуларды өткізу, NEET санатындағы жастарды әлеуметтік жобаларға

шақыру, жастарға кеңес беру орнына айналды.Жоба туралы Facebook және Instagram әлеуметтік парақшаларында парақша ашылды.Жобаның орындалу барысы туралы барлық ақпарат https://talaptan-mangystau.kz сайтында жарияланды. Жобаға қатысуға өтінімдер де веб-сайт арқылы берілді.

**2-іс-шара.Оқыту бағдарламасын әзірлеу: Еңбек нарығының қажеттіліктері мен жастардың мүдделеріне сәйкес келетін кемінде 5 мамандықты қамтитын білім беру кәсіптік бағдарлау бағдарламасын әзірлеу.**

Аталған іс-шара бойынша тапсырыс беруші Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы мен «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі мамандары оқыту бағдарламасын әзірледі. Еңбек нарығының қажеттіліктеріне талдау жасалынды. Жастардың қызығушылығы бар және жастар мүдделеріне сәйкес келетін 5 мамандықты қамтитын кәсіптік бағдарлау бағдарламасы әзірленді.Бағдарлама «Графикалық дизайн 0 - ден бастап», «Веб программалау», «Менеджер маркетплейс және тендер», «Мобилография және SMM», «Hademade –қолөнер» курстарын тұрды. Жоба аясында облыс жастары білікті бизнес сарапшыларының кәсіп ашу бойынша тегін консультацияларын алуға, мемлекеттік қолдау шаралары жөнінде ақпарат алуға, қаржылық және құқықтық, психологиялық семинар-практикумдардан өтуге мүмкіндік алды. Оқытуларды өткізуге облысқа белгілі тренерлер, эксперттер шақыртылды. Тренер ретінде Карина Изенова, Мирас Серікұлы, Набат Оразбайқызы, Орынгул Мурунбаева, Әйгерім Мәштай шақырылды. Тренингтер өткізу және жұмыссыз, әлеуметтік осал жастармен жұмыс тәжірибесі бар сарапшылар мен мамандар шақыртылды, тренерлер туралы ақпарат әлеуметтік желіге жарияланды.

**3-іс-шара. Ақпараттық науқанды өткізу: Оқу курсы туралы ақпараттық науқанды ұйымдастыру, оның ішінде жарнамалық материалдарды (брошюралар, парақшалар), хабарландырулар, мамандандырылған мекемелерде және әлеуметтік желілерде, БАҚ және серіктес ұйымдарда таныстыру. Жастармен ақпараттық кездесулер ұйымдастыру және жобаға қатысу бойынша кеңестер беру.**

Аталған іс шара бойынша жобалық кеңсе мамандары Маңғыстау және Бейнеу аудандарында жоба туралы ақпараттық кездесулер өткізді. Ақпараттық кездесулерге қатысқан жастарға «Талаптан» әлеуметтік жобасы туралы брошюра таратылды. Жастар тарапынан әлеуметтік жобаға қатысты сұрақтарға жауаптар берілді. Оқыту курсы ақпараттық науқан ұйымдастырылды. Әлеуметтік жоба аясында Facebook және Instagram әлеуметтік желілерінде @talapran_mangystau.kz парақшасы ашылды. Оның ішінде 50-ден астам бейнероликтер жарияланды.Есепті кезеңде парақшаларға 100-ден аса материал жарияланды. Әлеуметтік жоба туралы 2 парақша ашылды. Әлеуметтік жоба басталғанда әр елдімекенде ақпараттық кездесулер өткізілді. Жоба басталғаннан аяқталғанға дейін + 7700 362 91 62, +7 7700 271 21 73 номері бойынша колл орталық пен Whatsapp мессенджері жұмыс жасады. Жалпы есептік кезеңде 225 телефон қоңырауына және 432 Whatsapp мессенджрінде жауап берілді.Әлеуметтік жоба бойынша https://talaptan-mangystau.kz/ сайты тұрақты түрде жұмыс жасады. Жоба бойынша ақпараттық кезең бойынша 39 кеңес берілді.

**4-іс-шара. Қатысушыларды іріктеу: Оқу курстарына жастарды тіркеу процесін жүргізу. Әр елді мекенде (Маңғыстау және Бейнеу ауданы) оқуға қабылданатын жастардың құжаттарын жинау, қабылдау және тіркеуді ұйымдастыру.**

Оқыту курстарына жастарды тіркеу https://talaptan-mangystau.kz/ сайты арқылы жүргізілді. Хабарландыруды көрген кез-келген жас сайт арқылы сілтемеге өтіп, оқыту курсына тіркелуді жүргізіп, қажетті құжаттарды жүктеді. Жобалық кеңсе мамандары қатысушылардың жасына, біліміне, статусына қарап іріктеуді жүргізді. Сонымен қоса, жобалық кеңсе мамандары қатысушылардың толық емес құжаттарын толықтырып, оқыту курсына қатысшылардың тізімін қалыптастырды. Тіркеу нәтижесі бойынша қатысушылардың оқыту курсына қабылданғаны жөнінде шешімді арнайы колл-орталық арқылы жауап ретінде жолдады. Қорытынды іріктеу кезеңі жүргізілген соң жобалық кеңсе мамандары қабылданған жастарға оқу кестесін, қажетті ақпаратты, оқыту шарттарын түсіндірді. Әлеуметтік жоба аясында 5 қысқа мерзімді мамандық бойынша оқыту өткізілді. Оқытуға 2 ауданнан 300 қатысушы қатысты. Оқытулар 2 күн оффлайн форматта өтті, кейін zoom платформасы арқылы онлайн форматта өткізілді. Грант алушы сандық-сапалық көрсеткіштерге қол жеткізбеді.

**5-іс-шара. Оқу сабақтарын өткізу және ұйымдастыру: онлайн және офлайн форматында 2 айға созылатын оқу курстарын өткізу. Курсқа қатысушыларды қолдау және сүйемелдеу үшін кураторларды тағайындау**

Аталған іс-шара бойынша оқу сабақтарын өткізу мен ұйымдастыру арнайы жоспар бойынша жүргізілді. Әр оқыту курстары 2 күнге созылды. Онлайн курс қатысушыларға белгіленген уақыт аралығында қатысуға мүмкіндік берді. Онлайн курс zoom платформасы арқылы жүргізілді. Офлайн курс Маңғыстау мен Бейнеу ауданының орталығында 2 күн өткізілді. Оқыту курстарын өткізуге тренер ретінде Карина Изенова, Мирас Серікұлы, Набат Оразбайқызы, Орынгул Мурунбаева, Әйгерім Мәштай шақырылды. Әр курс жеке тақырыптарға, сабақтарға бөлінген және олар теориялық, практикалық бөлімдерден тұрды. Қатысушылар үшін тапсырмалар, жаттығулар мен тесттер ұсынылды. Қатысушылардың сұрақтарына жауап беру үшін, сондай-ақ оқудың тиімділігін арттыру мақсатында әрбір курс бойынша кураторлар тағайындалды. Кураторлар жобалық кеңсе мамандары болды. Кураторлар оқу материалы бойынша кеңестер береді, тапсырмаларды тексереді, жеке қажеттіліктерді ескере отырып қолдау көрсетеді. Кураторлар студенттердің оқу барысында кездескен қиындықтары мен сұрақтарын шешуге көмектеседі, сондай-ақ мотивацияны арттыру үшін жиі кездесулер мен пікірталастар ұйымдастырып отырды. Курс барысында қатысушылар үшін барынша тиімді оқу процесін ұйымдастыру мақсатында кураторларды тағайындау курстың сапасын жақсартып, қатысушылардың өздеріне деген сенімділігін арттырды және оқу нәтижелерін оңтайландырды.

**6-іс-шара. Оқу курсының түлектерін жұмысқа орналастыруға көмектесу үшін әлеуетті жұмыс берушілермен ынтымақтастық.**

Аталған іс-шара оқыту курсының түлектерін жұмысқа орналастыруға қолдау көрсету, әлеуетті жұмыс берушілермен тиімді ынтымақтастық орнату арқылы түлектердің кәсіби дамуына ықпал етеді. Оқыту курсы басталғаннан кейін жобалық кеңсе мамандары жұмыс берушілермен байланыс орнатып, олардың талаптары мен жұмыс орындарының сипаттамаларын жинақтады. Әр түрлі салалардағы ірі компаниялармен кездесулер ұйымдастырылып, оларды курс бағдарламасының мазмұнымен таныстырды. Осы кездесулер барысында жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес түлектердің дағдылары мен білім деңгейі туралы толық ақпарат ұсынылды. Жұмыс берушілермен келіссөздер нәтижесінде бірнеше компания түлектерге жұмыс орындарын ұсынуға дайын екендіктерін білдірді. Атап айтар болсақ, Маңғыстау облыстық жастар ресурстық орталығы, Ақтау қалалық мансап орталығы мен Дара кәсіпкер «Шолпан». Оқыту барысында түлектерге жұмысқа орналасуға қажетті сертификаттар тапсырылды. Сонымен қатар, түлектердің жұмысқа орналасу процесін жеңілдету үшін арнайы жұмысқа дайындық курстары (резюме жазу, сұхбаттасу) ұйымдастырылды. Осы іс-шара аясында жұмыс берушілермен тиімді ынтымақтастық орнатылып, оқу курсының түлектері жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін алды. Әлеуетті жұмыс берушілермен қарым-қатынасты нығайту арқылы түлектердің кәсіби дамуы мен жұмысқа орналасуы жақсартылды.

**7-іс-шара. Бақылау және бағалау. Оқыту сапасын бағалауды жүргізу, курс тыңдаушыларынан кері байланыс жинау, сонымен қатар оқу бағдарламасын кейіннен жетілдіру үшін нәтижелерді талдау, бітірушілерді жұмысқа орналастыру туралы мәліметтерді жинау.**

Оқыту сапасын бағалау бойынша оқыту курсының барысында оқытушылар мен ұйымдастырушылар оқу сапасын жүйелі түрде бағалап отырды. Әрбір сабақ соңында студенттерге сауалнамалар мен тесттер жүргізіліп, оқытудың тиімділігі мен сабақтардың мазмұны бағаланды.Сонымен қатар, сабақтарды бақылау үшін арнайы бақылаушы топтар құрылды, олар оқу үдерісін бақылап, оқыту әдістемелерінің тиімділігін талдады.Курстың соңында тыңдаушылардан кері байланыс алу үшін арнайы сауалнамалар ұйымдастырылды. Сауалнамада оқу материалдарының түсініктілігі, оқытушылардың кәсібилігі, оқу платформасының ыңғайлылығы және басқа да аспектілер бағаланды. Қатысушылардың пікірлері мен ұсыныстарын жинау нәтижесінде оқу курсының бірқатар бөлімдері бойынша түзетулер мен жаңартулар енгізілді.

**2 міндет. Маңғыстау және Бейнеу ауданының жастар ресурстық орталығымен бірлескен іс-шаралар жоспарын бекіту және жүзеге асыру.**

**1-іс-шара. Бірлескен жоба аясындағы іс-шаралар мен іс-шаралар жоспарын дайындау.**

Аталған міндет шеңберінде Маңғыстау және Бейнеу ауданы жастар ресурстық орталығымен бірлескен іс-шара бойынша жоспар бекітілді. Бұл жоспар жастардың білім алуын, кәсіби дағдыларын дамытуын, әлеуметтік және мәдени қатысуын арттыруға бағытталған бірнеше іс-шаралардан тұрады.Іс-шаралардың негізгі бағыттары анықталды, оның ішінде жастарды жұмысқа орналастыру, кәсіпкерлікке баулу, мәдени және спорттық шаралар ұйымдастыру жоспарланды.Бірлескен іс-шаралар жоспары аясында тренингтер, семинарлар және мастер-класстар өткізілді. Атап айтқанда, жұмыссыз жастар үшін кәсіби бағдар беру және кәсіпкерлік дағдыларын дамыту бойынша шаралар ұйымдастырылды. Жастар ресурстық орталықтары мен басқа да ұйымдармен бірлесіп, жастар арасында әлеуметтік қызметке қатысу мен волонтерлік қызметті насихаттау мақсатында іс-шаралар өткізілді. Бұл шаралар жастардың қоғамдық белсенділігін арттыруға және оларды маңызды әлеуметтік мәселелерге тартуға мүмкіндік берді.Мәдени және спорттық шаралар да ұйымдастырылды, жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне және денсаулықтарын нығайтуға мүмкіндік беретін іс-шаралар өткізілді.

**2-іс-шара. Жоспарды үйлестіру, бекіту және қол қою (іс шараларды іске асыру, келісілген жобаның толық сипаттамасына сәйкес).**

Аталған іс-шара шеңберінде Маңғыстау және Бейнеу ауданының жастар ресурстық орталығымен іс-шаралар жоспарына қол қойылды. Іс-шара жоспары аталған жоба аясында іс-шараларды бірлесе ұйымдастыру, шараларға NEET санатындағы жастарды қатыстыру жоспарланған. Жоспар барлық қатысушы тараптармен келісілді және әлеуметтік жобаның мақсаттарына қол жеткізу үшін ортақ ұстанымдарды қамтамасыз етті. Жоспар екі жақтан қаралып, түзетулер енгізілді. Құжаттың заң талаптарына сәйкестігі тексерілді. Аталған құжат әлеуметтік жобаның стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруда негіз болды.

**3 міндет. Маңғыстау және Бейнеу ауданының жастары үшін, оның ішінде қаржылық және құқықтық сауаттылықты арттыру мәселелері бойынша әрбір елді мекенде кемінде 3 кеңес беру іс-шарасын ұйымдастыру.**

**1-іс-шара. Маңғыстау және Бейнеу ауданының жастары арасында өздеріне қатысты тақырыптарды анықтау үшін шағын сауалнама жүргізу.**

Аталған міндетті орындау барысында жобалық кеңсе мамандары облыс жастарына арасында өзекті тақырыптарды анықтау үшін шағын сауалнама жүргізді. Сауалнама сілтемесі https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSenUwUjWNsJ2KdEdurqvSqB69MW9a-iFwGQ4cmWe9StD3maeQ/viewform. Сауалнамаға облыстың 150 жасы қатысты. Сауалнама 7 сұрақты қамтыды. Сауалнама қорытындысы бойынша қатысқан жастар баспана мәселелесі, жұмыссыздық, қаржылық сауаттылықтың төмендегі, құқықтық сауаттылықтың төмендегі секілді өзекті тақырыптарды таңдады. Осыған сәйкес жобалық кеңсе мамандары жоба аясында өткізілетін кеңес беру шарасына сол саладағы мамандарды қатыстыруға ықпал етті.

**2-іс-шара. «Автобустағы 1 күн» жастарға арналған акция шеңберінде консультацияларды ұйымдастыру.**

Аталған іс-шара барысында облыстың барлық аудандары мен Жаңаөзен қаласын қамтыған «Автобустағы 1 күн» атты жастарға арналған акция өтті. Акция басталмас бұрын жобалық кеңсе арнайы автобусқа брендинг жасап, жоба туралы ақпаратты автобус сыртына орнатты. «Автобустағы 1 күн» акциясы арқылы ауыл жастары мен тұрғындары әртүрлі сала мамандарынан кеңес алды. Мұнда қаржылық сауат, отбасылық психология, кәсіпкерлік, тұрғын үй алу бағдарламасы, құқық саласы бойынша сұрақтарға жауап беретін мамандар болды. Акцияға «Отбасы банк», «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының мамандары, заңгер, отбасылық психолог эксперт ретінде шақырылды. Қатысқан ауыл жастарына шақыртылған эксперт мамандар кеңестер беріп, жобаға қатысуға шақырды.

**3-іс-шара. Ақпаратты тарату. Әлеуметтік желілер, ақпараттық бюллетеньдер, хабарландырулар сияқты әртүрлі байланыс арналары арқылы жастар арасында кеңес беру туралы ақпаратты тарату.**

«Автобустағы 1 күн» кеңес беру шарасы туралы ақпараттар алдын ала таратылды. Маңғыстау облысы бойынша барлық аудандар мен Маңғыстау және Бейнеу аудандық жастар ресурстық орталығы әлеуметтік желідегі парақшаларына алдын ала ақпарат жариялады. Серіктес ретінде https://mangystauzhastary.kz және https://mangystaumedia.kz/ акция туралы хабарландыру ақпаратын жариялады. Сонымен қоса, хабарландыру ақпараттары бірлестіктің жобаға ашылған парақшасы арқылы және бірлестіктің өзінің парақшалары Instagram, Facebook, TikTok және Telegram секілді танымал платформаларда жарияланды. Хабарландыру ақпараттары кеңес беру шарасының мақсаты, форматы мен тиімділігі туралы бейнероликтерден тұрды. Қорытынды ақпарат ретінде әрбір өткен акция туралы видео дайындалып, парақшаларға жарияланды. Акцияға қатысушы жастар кеңес беру қызметтерінің тиімділігіне оң пікір білдірді және акция туралы ақпараттарды әлеуметтік желілер арқылы алғандығын атап өтті.

**4 міндет. Маңғыстау және Бейнеу ауданында NEET санатындағы жастарға (жұмыссыз және әлеуметтік осал жастар) өмірлік маңызды дағдылар бойынша әрбір елді мекенде кемінде 2 оқыту іс-шарасын ұйымдастыру.**

**1-іс-шара. Семинар-тренинг бағдарламаларын дайындау. Жұмыс іздеу дағдылары, қаржылық сауаттылық, коммуникация дағдылары, жеке өсу және даму, уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру сияқты өмірлік маңызды дағдылар бойынша семинар бағдарламалары әзірленеді, семинарлар өткізіледі.**

Аталған міндет бойынша Маңғыстау және Бейнеу ауданы бойынша NEET санатындағы жастарға (жұмыссыз және әлеуметтік осал жастар) өмірлік маңызды дағдылар бойынша әрбір елді мекенде кемінде 2 оқыту іс-шарасы өткізілді. Оқыту іс-шарасы онлайн форматты zoom платформасы арқылы өткізілді. Жобалық кеңсе мамандары оқыту шарасының бағдарламасын қаржылық сауаттылық, коммуникация дағылары, әлеуметтік желідегі жеке бренд тақырыбы бойынша әзірледі. Оқыту семинарына эксперт Ерболат Жидебай шақыртылды. Қатысушы жастар арасында оқытуға дейін және оқытудан кейін pro, pre тест жүргізілді. Оқыту бағдарламасы мен оқыту материалдары алдын ала дайындалып қатысушыларға электронды түрде жолданды. Тренер Ерболат Жидебай әлеуметтік желідегі трендтер бойынша ақпараттарды қатысушыларға жеткізіп, әрбір қатысушының сұрақтарына толыққанды жауап берді. Сонымен қоса, бірлестік директоры, әлеуметтік жобалар эксперті Наурызбек Мағдатов спикер ретінде қатысып өмірлік маңызды дағдылар бойынша ақпараттарды қатысушыларға жеткізді.

**2-іс-шара.NEET (жұмыссыз және осал жастар) санатындағы қатысушыларға семинарларды/ тренингтерді ұйымдастыру**

Аталған оқытудың мақсаты жұмыссыз және білім алумен айналыспайтын жастарға (NEET санаты) қажетті дағдыларды үйрету, олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттыру және өз өмірлеріне белсенді көзқарас қалыптастыру. Мақсатты аудитория ретінде Маңғыстау және Бейнеу ауданында тұратын 18-35 жас аралығындағы жастар таңдалды. Серіктес ретінде Маңғыстау және Бейнеу ауданының жастар ресурстық орталығы шақырылды. Оқыту онлайн форматта өткізілді. Семинар тақырыбы ретінде «Жұмыс іздеу стратегиялары: тиімді түйіндеме жазу және сұхбаттан өту», «Кәсіби және жеке дамудың негізгі қадамдары», «Қаржылық сауаттылық: бюджетті басқару және қаржыны жоспарлау», «Әлеуметтік желідегі трендтер» таңдалды. Семинарлардан кейін қатысушылардың 80%-ы өз түйіндемесін дұрыс толтыруды үйренгенін және сұхбатқа дайындық деңгейі артқанын атап өтті. Семинарды өткізу әдісі ретінде жеке жұмыс, кейс-стади, коучинг таңдалды. Қатысушылардың 90%-ы іс-шаралардың пайдалы екенін және осындай бағдарламаларды тұрақты түрде ұйымдастыруды ұсынғанын атап өтті. Семинарлар мен тренингтерден кейін қатысушылар жергілікті жастар жобаларына белсенді түрде қатыса бастады. NEET санатындағы жастарға арналған семинарлар мен тренингтер олардың кәсіби және жеке дамуына ықпал етіп, қоғамдағы белсенділіктерін арттыруға мүмкіндік берді.

**3-іс-шара.Ақпаратты тарату: мақсатты аудиторияны алдағы семинар-тренингтер туралы хабарландырулар, әлеуметтік желілер, серіктестер мен мүдделі тұлғалардың аккаунттары және т.б. сияқты әртүрлі байланыс арналары арқылы хабардар ету**

Оқыту шарасы туралы ақпараттар алдын ала таратылды. Маңғыстау облысы бойынша барлық аудандар мен Маңғыстау және Бейнеу аудандық жастар ресурстық орталығы әлеуметтік желідегі парақшаларына алдын ала ақпарат жариялады. Серіктес ретінде https://mangystauzhastary.kz және https://mangystaumedia.kz/ акция туралы хабарландыру ақпаратын жариялады. Сонымен қоса, хабарландыру ақпараттары бірлестіктің жобаға ашылған парақшасы арқылы және бірлестіктің өзінің парақшалары Instagram, Facebook,

TikTok және Telegram секілді танымал платформаларда жарияланды. Семинардың ақпараттары оқыту шарасының мақсаты, форматы мен тиімділігінін тұрды.

**4-іс-шара. Нәтижелерді бағалау: өткізілген іс-шаралардың тиімділігін бағалау және оқыту бағдарламасын кейіннен жетілдіру қажеттіліктерін анықтау үшін оқу ісшараларына қатысушылардан кері байланыс жинау және алынған деректерді талдау.**

Өткізілген оқытудың тиімділігін бағалау және оқыту бағдарламасын кейіннен жетілдіру қажеттіліктерін анықтау үшін оқу іс-шараларына қатысушылардан кері байланыс жинау мақсатында pro және pre тест жүргізілді. Pro және pre тестке оқытуға қатысқаг жастар онлайн форматта толтыру арқылы деректерін енгізді. Енгізілген деректерге жобалық кеңсе мамандары талдау жүргізіп, оқытуға дейінге және кейінгі қатысушылардың деңгейін анықтады. Pre-test және Pro-test мақсаты қатысушылардың бастапқы және соңғы білім деңгейін, дағдыларын және көзқарасын бағалау. Өткізу кезеңдері семинар тренинг басталар алдында және аяқталғаннан кейін. Қатысушылардың 60%-ы жұмысқа орналасу стратегиялары туралы негізгі ақпаратты білмейтінін көрсетті. Қаржылық сауаттылық бойынша орташа білім деңгейі 30% көрсетті. Оқыту бойынша білім деңгейіндегі өзгерістер қатысушылардың басым бөлігі жұмысқа орналасу стратегияларын жақсы түсінетінін көрсетті.

**5 міндет. Маңғыстау және Бейнеу ауданының ұйымдаспаған жастары (әлеуметтік осал топтарға жататын жастар, мүмкіндігі шектеулі жастар, жұмыссыз жастар, бала күтіміне байланысты демалыстағы жас аналар) үшін кемінде 1 зияткерлік, 2 спорттық, 1 мәдени іс-шара ұйымдастыру.**

**1-іс-шара. Интеллектуалды ісшараны ұйымдастыру және өткізу.**

Маңғыстау және Бейнеу ауданының ұйымдаспаған жастары (әлеуметтік осал топтарға жататын жастар, мүмкіндігі шектеулі жастар, жұмыссыз жастар, бала күтіміне байланысты демалыстағы жас аналар) үшін quiz форматында зияткерлік сайысы өткізілді. Зияткерлік сайысының сұрақтары тарих, мәдениет, спорт бағытын қамтыды. Зияткерлік сайысын ұйымдастыру мен өткізуге жас көшбасшылар шақырылды. Қатысқан жастар зияткерлік сайысын барысында жақсы атмосфераны сезінгенін жеткізді.

**2-іс-шара Спорттық ісшараларды ұйымдастыру және өткізу.**

Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен «Талаптан» әлеуметтік жобасы аясында Маңғыстау облысының барлық аудандары мен Жаңаөзен қаласының жастарының қатысуымен «TALAPTAN CUP - 2024» спорттық турнирі өткізілді. Турнир алдымен Маңғыстау және Бейнеу ауданының іріктеу кезеңі өтті. Маңғыстау облысы бойынша, әр ауданда NEET санатына жататын 18-35 жас аралығындағы жастар арасында шағын футболдан және волейболдан «Talaptan Cup - 2024» спорттық турнирінің аудандық кезеңі тамыз айының 5-і мен 10-ы аралығында өткізілді. NEET санатындағы жастар арасында алғаш рет ұйымдастырылған турнирге әр аудан, қала бойынша футболдан 25 команда қатысты. «Talaptan cup - 2024» спорттық турнирінің финалдық кезеңі бойынша жүлделі I орынға «Аль-Таир» командасы, II орын «Шетпе» командасы және «Түпқараған» командасы III орынға ие болды. Жеңімпаз командалар басқарма атынан диплом және кубокпен және демеуші ұсынған қаржылай сыйлықпен марапатталды.

**3-іс-шара Мәдени іс-шараны ұйымдастыру және өткізу. Іс-шара атқарылмады.**

**4-іс-шара Жастардың шығармашылық жұмыстары мен жобаларын ұсынатын көрме немесе жәрмеңке ұйымдастыру Іс-шара атқарылмады.**

**6 міндет. Маңғыстау және Бейнеу ауданының жастары жөніндегі республикалық сарапшының қатысуымен әрбір елді мекенде кемінде 1 кездесу ұйымдастыру.**

**1-іс-шара.Республикалық сарапшының қатысуымен өтетін кеңестің тақырыбы мен мақсатын анықтау.**

Аталған міндет бойынша жобалық кеңсе мамандары облыс жастарына арнап кездесудің тақырыбын анықтау мақсатында арнайы шағын сауалнамалық зерттеу жүргізді. Қатысқан жастарға tedx форматында кездесудің тақырыбы, спикердің кім екендігін анықтау мақсатында сұрақтар ұсынылды. Шағын сауалнама қорытындысы бойынша облыс жастары жасанды интелект тақырыбы, креативті индустрия бағыты бойынша сұраныстарын жолдады. Аталған зерттеу қорытындысы бойынша ұсыныс Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері басқармасына жолданды. Қорытындысы бойынша бағдарлама жасалынып, алдын ала аудан, қала бойынша әкімдіктерге жолданды. Спикер ретінде IT ағартушы Тимур Бектұр шақырылды.

**2-іс-шара.Мақсатты топты барынша қамту үшін әртүрлі байланыс арналары (әлеуметтік желілердегі жарияланымдар, серіктес ұйымдар, уәкілетті органдар) арқылы алдағы кездесу туралы ақпараттық қолдауды ұйымдастыру**

Кездесу туралы ақпараттар алдын ала таратылды. Маңғыстау облысы бойынша барлық аудандар мен Маңғыстау және Бейнеу ауданының жастар ресурстық орталығы әлеуметтік желідегі парақшаларына алдын ала ақпарат жариялады. Серіктес ретінде https://mangystauzhastary.kz және https://mangystaumedia.kz/ кездесу туралы хабарландыру ақпаратын жариялады. Сонымен қоса, хабарландыру ақпараттары бірлестіктің жобаға ашылған парақшасы арқылы және бірлестіктің өзінің парақшалары Instagram, Facebook, TikTok және Telegram секілді танымал платформаларда жарияланды.

**3-іс-шара.TEDx форматында жиналысты ұйымдастыру**

«Талаптан» әлеуметтік жобасы аясында TedX форматындағы жастарымен кездесу Маңғыстау және Бейнеу ауданында өткізілді.Кездесуді алдымен «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің директоры Мағдатов Наурызбек ашып, бірлестіктің жетістіктерін және әлеуметтік жобаның мақсат-міндетін таныстырды. Кездесулерге креативті индустрия бағыты бойынша Маңғыстау облысы бойынша офистің басшысы Есіркепов Рауан мырза қатысып, креативті индустрия бағытында сөз қозғады. Жасанды интелектің болашағында IT ағартушы Тимур Бектұр сөз қозғап, қатысушыларға жасанды интеллект бойынша толыққанды ақпарат берді. Спикер қатысушы жастар тарапынан сұрақ қойған, белсенді болған жастарға кітап сыйлады.

**7 міндет. Жоба аясында Маңғыстау және Бейнеу ауданының жастарын әлеуметтендіру**

**1-іс-шара.Іс-шаралар арқылы Маңғыстау және Бейнеу ауданының жастарын әлеуметтендіру**

Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен «Талаптан» әлеуметтік жобасы аясында Маңғыстау және Бейнеу ауданының жастарын әлеуметтендіру мақсатында «Талаптан» әлеуметтік жобасы іске асырылды. Әлеуметтік жоба аясында 5 мерзімді қысқа оқыту курсы, спорттық, зияткерлік, мәдени, оқыту шаралары өткізілді. Әлеуметтендіру бағыты бойынша оқыту курстары мен шаралар Маңғыстау және Бейнеу ауданы жастарын қамтыды.

**Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:**

| | |
|---|---|
| **Жобаның мақсаты:** | **Маңғыстау облысының Маңғыстау және Бейнеу ауданында қоғамдық-мәдени, спорттық және ағартушылық іс-шаралар ұйымдастыру арқылы аумақтағы кемінде 3500 жасты әлеуметтендіру** |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | 1) Маңғыстау мен Бейнеу ауданы жұмыссыз, әлеуметтік осал тобына жататын жастарға арналған заманауи мамандықтар бойынша әр елді мекенде 150 жастың қатысуымен 2 айды қамтитын 5 мамандық бойынша оқыту курстары ұйымдастырылды.<br>2) Маңғыстау мен Бейнеу ауданындағы жастар ресурстық орталығымен бірлескен іс-қимыл жоспары бекітілді.<br>3) Маңғыстау мен Бейнеу ауданы жастарына арналған әр елді мекенде 3 кеңес беру шарасын ұйымдастырылды. |

4) Маңғыстау мен Бейнеу ауданындағы NEET санатындағы (жұмыссыз және әлеуметтік осал топтағы жастар) жастарға арналған өмірлік маңызы бар дағдылар бойынша әр елді мекенде 2 оқыту шарасы өткізілді.
5) Маңғыстау мен Бейнеу ауданындағы ұйымдаспаған (әлеуметтік осал топқа жататын жастар, мүгедектігі бар жастар, жұмыссыз жастар, декреттегі жас аналар) жастарына арналған 2 зияткерлік, 2 спорттық іс-шара ұйымдастырылды.
6) Маңғыстау мен Бейнеу ауданындағы жастарға арналған республикалық сарапшының қатысуымен әр елді мекенде 2 кездесу өткізілді.

| **Міндет** | **Міндет шеңберіндегі іс-шаралар** | **Өткізілу күні** | **Өткізілу орны** | **Қатысушылардың саны** | **(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер** | **Сандық және сапалық көрсеткіштер** | **Индикаторлар** | | **Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | **жоспар** | **факт** | |
| 1 міндет. Маңғыстау мен Бейнеу ауданы жұмыссыз, әлеуметтік осал тобына жататын жастарға арналған заманауи мамандықтар бойынша әр елді мекенде кемінде 150 жастың қатысуымен 2 айды қамтитын кемінде 5 мамандық бойынша оқыту | Облыстық жобалық кеңсенің қызметін құру, ұйымдастыру және жоба командасын жасақтау | Мамыр-қараша 2024 ж. | Маңғыстау облысы<br><br>Маңғыстау мен Бейнеу ауданы | 3 маман | Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тапсырысы негізінде «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі «Талаптан» жобасын жүзеге асырды.<br><br>Жоба Маңғыстау облысының аумағындағы 16 - 35 жас аралығындағы барлық жасты қамти отырып, сәуір - қараша аралығында жүзеге асырылды. | Облыстық жобалық кеңсені құру<br><br>Қызметкерлер саны<br><br>Жобалық кеңсенің жұмыс жоспарын жасау<br><br>Облыстық жобалық кеңсе туралы ақпараттарды жариялау<br><br>Жастардан кері байланыс орнату үшін мәтіндік хабарламалар қабылданатын WhatsApp мессенджерінде чат және жоба туралы Instagram парақшасы мен сайтын ашу | 1<br><br>Кем дегенде 3 маман<br><br>1<br><br>2<br><br>3 | 1<br><br>3 маман<br><br>1<br><br>2<br><br>3 | Ақтау қаласында орналасқан 6 шағын аудан 18 «Жастар орталығы» мекенжайы бойынша жобалық кеңсе құрылды. Жобалық кеңсе материалдық-техникалық базамен жабдықталды. Жобалық менеджмент, Қаржылық бақылау бойынша тәжірибесі бар 3 маманнан тұратын штат жасақталды. Жобалық кеңсе әлеуметтік жоба бойынша оқытуларды өткізу, NEET санатындағы жастарды әлеуметтік жобаларға шақыру, жастарға кеңес беру орнына айналды.Жоба туралы Facebook |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| курсын ұйымдастыру | | | | | | Медиа жоспар | 1 | 1 | және Instagram әлеуметтік парақшаларында парақша ашылды.Жобаның орындалу барысы туралы барлық ақпарат [https://talaptan-mangystau.kz](https://talaptan-mangystau.kz) сайтында жарияланды. Жобаға қатысуға өтінімдер де веб-сайт арқылы берілді. |
| | Оқыту бағдарламасын әзірлеу: Еңбек нарығының қажеттіліктері мен жастардың мүдделеріне сәйкес келетін кемінде 5 мамандықты қамтитын білім беру кәсіптік бағдарлау бағдарламасын әзірлеу. | Мамыр-қараша 2024 ж. | Маңғыстау облысы<br><br>Маңғыстау мен Бейнеу ауданы | 5 тренер | Аталған іс-шара бойынша тапсырыс беруші Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы мен «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі мамандары оқыту бағдарламасын әзірледі. Еңбек нарығының қажеттіліктеріне талдау жасалынды. | Тапсырыс берушімен келісілген оқыту бағдарламасы<br><br>Тапсырыс берушімен келісілген курс модульдері<br><br>Тренингтер өткізу және жұмыссыз, әлеуметтік осал жастармен жұмыс тәжірибесі бар сарапшылар мен мамандар және олар туралы ақпарат<br><br>Елді мекен (Маңғыстау мен Бейнеу ауданы) | 1<br><br>5<br><br>5 (әр елді мекен бойынша)<br><br>2 | 1<br><br>5<br><br>5<br><br>2 | Жастардың қызығушылығы бар және жастар мүдделеріне сәйкес келетін 5 мамандықты қамтитын кәсіптік бағдарлау бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама «Графикалық дизайн 0 - ден бастап», «Веб программалау», «Менеджер маркетплейс және тендер», «Мобилография және SMM», «Hademade – қолөнер» курстарын тұрды. Жоба аясында облыс жастары білікті бизнес сарапшыларының кәсіп ашу бойынша тегін |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | консультацияларын алуға, мемлекеттік қолдау шаралары жөнінде ақпарат алуға, қаржылық және құқықтық, психологиялық семинар-практикумдардан өтуге мүмкіндік алды. Оқытуларды өткізуге облысқа белгілі тренерлер, эксперттер шақыртылды. |
| | Ақпараттық науқанды өткізу: Оқу курсы туралы ақпараттық науқанды ұйымдастыру, оның ішінде жарнамалық материалдарды (брошюралар, парақшалар), хабарландырулар, мамандандырылған мекемелерде және әлеуметтік желілерде, БАҚ және серіктес ұйымдарда таныстыру. | Мамыр-қараша 2024 ж. | Маңғыстау облысы<br><br>Маңғыстау мен Бейнеу ауданы | 2178 оқырман<br><br>Ақпараттық кездесулерге әрбір елдімекен бойынша 30 жас қатысты | Аталған іс шара бойынша жобалық кеңсе мамандары Маңғыстау мен Бейнеу аудандарында жоба туралы ақпараттық кездесулер өткізді. Ақпараттық кездесулерге қатысқан жастарға «Талаптан» әлеуметтік жобасы туралы брошюра таратылды. | Әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі посттар<br><br>Бейнероликтер саны<br><br>Жазылушылар<br><br>Дайджест<br><br>Тапсырыс берушімен келісілген брошюралар және парақшалар<br><br>Ақпараттық кездесулер бағдарламасы<br><br>Қатысушылар тізімі | 50<br><br>5<br><br>2000<br><br>3<br><br>2 үлгі (тираж 400)<br><br>Әр елді мекеннен 1<br><br>1 әр шарадан | 242<br><br>50<br><br>2178<br><br>3<br><br>2 үлгі (тираж 400)<br><br>2 | Әлеуметтік жоба аясында Facebook және Instagram әлеуметтік желілерінде @talapran_mangystau.kz парақшасы ашылды.<br><br>Оның ішінде 50-ден астам бейнероликтер жарияланды.<br><br>Есепті кезеңде парақшаларға 100-ден аса материал жарияланды.<br><br>Әлеуметтік жоба туралы 2 парақша ашылды. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жастармен ақпараттық кездесулер ұйымдастыру және жобаға қатысу бойынша кеңестер беру | | | | | Колл центр<br><br>Журнал (колл центр)<br><br>Whatsapp мессенджер<br><br>Ақпараттық сайт<br><br>Парақша Instagram<br><br>Есебі (мессенджер, ақпараттық сайт, Instagram)<br><br>Ақпараттық тарату (мамандырылған мекемелерде, әлеуметтік желілерде, БАҚ, серіктес ұйымдар)<br><br>Кеңес беру журналы (ақпараттық кездесу)<br><br>Фото | 1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>3 әр шарадан | 2<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>6 | Әлеуметтік жоба басталғанда әр елдімекенде ақпараттық кездесулер өткізілді.<br><br>Жоба басталғаннан аяқталғанға дейін +7700 362 91 62, +7 7700 271 21 73 номері бойынша колл орталық пен Whatsapp мессенджері жұмыс жасады.<br><br>Жалпы есептік кезеңде 225 телефон қоңырауына және 432 Whatsapp мессенджрінде жауап берілді.<br><br>Әлеуметтік жоба бойынша https://talaptan-mangystau.kz/ сайты тұрақты түрде жұмыс жасады.<br><br>Жоба бойынша ақпараттық кезең бойынша 39 кеңес берілді. |
| | Қатысушылар ды іріктеу: Оқу курстарына жастарды тіркеу | Мамыр-қараша 2024 ж. | Маңғыстау облысы<br><br>Маңғыстау мен Бейнеу ауданы | 300 қатысушы | Әлеуметтік жоба аясында 5 қысқа мерзімді мамандық бойынша оқыту өткізілді. | Тапсырыс берушімен бекітілген ереже<br><br>Қатысушылар саны | 1<br><br>300 | 1<br><br>300 | Оқытуға 2 ауданнан 300 қатысушы қатысты.<br><br>Оқытулар 2 күн офлайн форматта |

